

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне арналған лауазымға кіріспе бағдарлама (бұдан әрі - Бағдарлама) «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерінің Қоғам қызметі және оның даму перспективасы туралы толық ақпарат алу тәртібін реттейді.

2. Осы Бағдарламаның мақсаты – Қоғамның Директорлар кеңесіне жаңадан сайланған мүшелерін:

1) Қоғамның құрылуының және жұмысының негізгі сатыларымен;
2) Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының жұмысымен;

3) Қоғамның ішкі құжаттарымен, сондай-ақ Қоғамның қызметін реттейтін негізгі нормативтік құжаттармен танысуын қамтамасыз ету.

3. Осы Бағдарламаны Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

4. Бағдарлама осы Бағдарламаның 6-12 тармақтарында көрсетілген мәліметтер мен іс-шараларды қамтиды.

5. Корпоративтік хатшы осы Бағдарламаның іске асырылуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ осы Бағдарламадан өту барысында Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне жәрдемдеседі.

II. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖАҢАДАН САЙЛАНҒАН МҮШЕЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ЛАУАЗЫМҒА КІРІСПЕ БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАЗМҰНЫ

6. Қоғам туралы ақпарат:

1) Қоғамның Стратегиясы және Даму жоспары;
2) өткен кезеңдегі қаржылық есеп және сыртқы аудиторлардың есебі, бюджет және қаржыландыру көздері;

3) Қоғамның жылдық есебі;

4) Қазақстан Республикасының Қоғамның қызметіне қатысты заңнамасы.

7. Қоғамның корпоративтік басқару практикасы:

1) Қоғамның ішкі құжаттарында айқындалған тәртіпке сәйкес Қоғам органдарының өзара іс-қимылы, оның ішінде ішкі құжаттардың ережелерін іске асыру;

2) Қазақстан Республикасының ақпаратты ашу саласындағы заңнамасы;

3) Қоғамның іскерлік әдеп кодексі және корпоративтік басқару мәселелеріне қатысты басқа да ішкі құжаттары.

8. Қоғамның Жалғыз акционерінің рөлі:

1) Қоғамның Жалғыз акционерінің құзыреті;

2) Қоғамның Жалғыз акционерінің шешім қабылдау рәсімі;

3) Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдері;

9. Қоғамның Директорлар кеңесінің рөлі:
 - 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің құзыреті;
 - 2) Қоғамның Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің құрылымы мен құрамы;
 - 3) Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі;
 - 4) Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының және Корпоративтік хатшысының құзыреті;
 - 5) Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің қысқаша өмірбаяны;
 - 6) Қоғамның Директорлар кеңесінің шешім қабылдау рәсімі, Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жататын мәселелер;
 - 7) Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру саясаты, сыйақы мөлшері және сыйақы және/немесе өтемақы төлеу шарты.
10. Басқарманың рөлі:
 - 1) Қоғам Басқармасының құзыреті;
 - 2) Қоғам Басқармасы мүшелерінің қысқаша өмірбаяны.
11. Қоғамның Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің ағымдағы жұмысы турал ақпарат:
 - 1) Қоғамның Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің жұмыс жоспары;
 - 2) Қоғамның Директорлар кеңесі отырыстарын өткізу рәсімін сипаттау, отырыс өтетін негізгі орын және отырыстардың орташа уақыты.
12. Қоғаммен және Қоғамның органдарымен таныстыру:
 - 1) Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасымен және мүшелерімен келісе отырып, жеке кездесу;
 - 2) Қоғамның Басқарма төрағасымен мүшелерімен, Қоғамның құрылымдық бөлімшелері басшыларымен, қажет болса сыртқы кеңесшілермен кездесу;
 - 3) Ішкі аудит қызметі басшысымен кездесу;
 - 4) Корпоративтік хатшымен кездесу және өзара іс-қимыл;
 - 5) Акционердің саясатымен, атап айтқанда сыйақы төлеу, аудит саясатымен т.б. танысу үшін Жалғыз акционердің өкілдерімен кездесу.

ІІІ. БАҒДАРЛАМАДАН ӨТУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

13. Қоғамның Корпоративтік хатшысы Қоғамның және оның органдарының қызметін реттейтін осы Бағдарламаның 2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген материалдарды, құжаттардың көшірмелерін Жалғыз акционерден Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайлау туралы шешімнің көшірмесін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесіне (қағаз және/немесе электронды тасымалдағышта) ұсынуға міндетті. Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесіне қағаз немесе электрондық нұсқада ұсынылатын құжаттардың тізбесі осы Бағдарламаның 1-қосымшасында көрсетілген.

14. Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері осы Бағдарламамен танысып, осы Бағдарламаның 2-қосымшасына сәйкес «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне арналған лауазымға кіріспе бағдарламасымен танысу парағын толтыруға тиіс.

15. Қоғамның Басқармасы Қоғамның Корпоративтік хатшысының сұрауы бойынша барлық қажетті құжаттарды ол сұратқан күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде беруге міндетті.

16. Қоғамның Корпоративтік хатшысы және қажет болған жағдайда Қоғамның мүдделі құрылымдық бөлімшелері Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне Қоғамда қолданылып жүрген ережелер туралы түсініктеме беруге, Қоғамның лауазымды тұлғалары мен ұйымдық құрылымы, оның ішкі құжаттары туралы ақпаратты және Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін тиісінше орындауы үшін маңызы бар өзге де ақпаратты беруге міндетті.

17. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері осы Бағдарламаны өткеннен кейін Қоғамның Корпоративтік хатшысына осы Бағдарламадан өткені туралы растау хатын жолдауға тиіс, сондай-ақ осы Бағдарламаның 3-қосымшасына сәйкес осы Бағдарламаны өту үрдісі жайлы өз пікірін білдіруге. Мониторинг нәтижесі және бағдарламадан өту туралы пікірлер Қоғамның Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау кезінде ескерілуі мүмкін.

IV. БАҒДАРЛАМАДАН ӨТУ МЕРЗІМІ

18. Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері Қоғамның Корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесіне мүше ретінде сайланғаны туралы Жалғыз акционердің шешімінің көшірмесін (қағаз және/немесе электронды тасымалдағышта) алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде осы Бағдарламадан өтеді.

«Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ
 Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне арналған лауазымға кіріспе бағдарламасына 1-қосымша

Директорлар кеңесінің мүшелеріне ұсынылатын құжаттар тізбесі:

№	Қажетті ақпарат	дереккөз
1	2	3
ДК жаңадан сайланған мүшелері үшін		
1	Қоғам туралы ақпарат	«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Заңы, «Акционерлік қоғамдар туралы», «Құнды қағаздар нарығы туралы», «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» ҚР заңдары, Жарғы, Қоғамның Даму стратегиясы, Даму жоспары, сыртқы аудиторлардың соңғы 3 жылдағы есептері т.б.
2	Қоғамды корпоративтік басқару практикасы	Корпоративтік басқару кодексі, Жарғы, Ақпаратты ашу туралы ереже
3	Жалғыз акционердің рөлі	АҚ туралы Заң, Жарғы, Кодекс.
4	Директорлар кеңесінің рөлі:	Жарғы, Кодекс, Директорлар кеңесі туралы ереже, Директорлар кеңесінің Комитеттері туралы ереже, Директорлар кеңесінің ағымдағы жылға арналған жұмыс жоспары
5	Директорлар кеңесінің құрамы	Директорлар кеңесі мүшелерінің қысқаша өмірбаяны, байланыс деректері (телефон, электронды пошта), Директорлар кеңесі мүшелерінің Директор кеңесіне мүше екенін растайтын анықтама
6	Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары, міндетті және жауапкершілігі	Заң, Жарғы, Кодекс, Директорлар кеңесі туралы ереже, Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже, Корпоративтік хатшы туралы ереже
7	Директорлар кеңесі және оның Комитеттері туралы ақпарат.	Директорлар кеңесі мен оның комитеттері отырыстарының хаттамалары, Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің жоспарлары (кестелері) .
8	Басқарманың рөлі: ұйымдық құрылымы, құзыреті, жұмыс тәртібі	Заң, Жарғы, Басқарма туралы ереже, ұйымдық құрылымы, Басқарманың мекенжайы, телефон анықтамалығы.
9	Басқарма құрамы	Басқарма төрағасы мен Басқарма мүшелерінің қысқаша өмірбаяны, құрылымдық бөлімшелердің басшыларының тізімі, аталған тұлғалардың байланыс деректері (телефон, электронды поштасы, кабинетінің номері)

10	Органдарының құзыреті және олардың өзара іс-қимылы	Жарғы, Кодекс, Директорлар кеңесі туралы, Басқарма туралы, ІАҚ туралы ереже, Корпоративтік қатынастарды және мүдделер қатынастарын реттеу туралы ереже, Іскерлік әдеп кодексі.
11	Ішкі аудит қызметі	Заң, Жарғы, Кодекс, ІАҚ туралы ереже, ІАҚ жұмыс тәртібі, ІАҚ ағымдағы жылға арналған жұмыс жоспары, ІАҚ өткен жылға арналған есебі т.б.
12	ІАҚ басшысы және қызметкерлері туралы ақпарат	ІАҚ басшысының қысқаша өмірбаяны, ІАҚ қызметкерлерінің тізімі, көрсетілген тұлғалардың байланыс деректері (телефоны, электронды поштасы, кабинет номері)
13	Корпоративтік хатшы	Заң, Жарғы, Кодекс, Директорлар кеңесі туралы ереже, Корпоративтік хатшы туралы ереже, кабинет номері, байланыс деректері (телефон номері, электронды поштасы)

Ескерту:

1. Құжаттар олар болған жағдайда ұсынылады, жоқ құжаттар белгіленген тәртіппен бекітілуіне (пайда болуына) қарай қосымша ұсынылады.

2. «Қажетті ақпарат» деген 2-бағанның әрбір тармағы бойынша Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесіне тиісті бөлім, ақпарат көзінің нормасы көрсетіледі.

Мәтін бойынша қолданылған қысқартулар:

Заң – «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

Қоғам – « Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ

Кодекс – « Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ корпоративтік басқару кодексі

Жарғы – «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ жарғысы

ІАҚ - Ішкі аудит қызметі

Приложение 2 к Программе вступления в должность
для вновь избранных членов Совета директоров

ПИСЬМО-ПОДТВЕРЖДЕНИЕ

Я, _____, член Совета директоров НАО «Национальный центр детской реабилитации» настоящим подтверждаю, что прошел Программу введения в должность для вновь избранных членов Совета директоров в полном объеме. Претензий по организации прохождения не имею/имею следующие.

Подпись

Дата
